


Кәп
Кұмарұлы



Арпагер

Кәп Құмарұлы

Арпагер (тарихи дастан)

I

Белес, белдер ат тұяғы батпаған,
Шұбырынды болған күндер Ақтабан.
Заңғар шындар жатыр сонау шалғайда,
Ғасыр сырын қолтығына сақтаған.
Әжімделген Ақтаулардың төбесін,
Бір мезгілде бабаларым аттаған.

Таулар, таулар, биік мұзарт, жасыл дөң,
Сан ғасырға куәгер боп тұрсың сен.
Ақтарыла ашып айтып берсейші,
Қойыныңдағы ашылмаған сырды кең.
Сырға батқан осы белдер әрқилы,
Қай заманда кімге мекен болды екен?

Нар табиғат бұзылмаған қаймағы,
Моңғол жері, Өбірхангай аймағы.
Ойға сиыр, тауға жылқы өсіріп,
Қойларына сан жетпеген сайдағы.
Бұл ежелгі көшпенділер мекені,
Көш соңынан боздаған «Боз тайлағы».

Бабалардың өтелмеген өтемі,
Бұл баяғы Керей-Меркіт мекені.
Әрбір тасын басып тұрып тыңдасаң,
Деген дауыс құлағыңа жетеді.
Жетеді де қуат құйып бойыңа,
Ілгеріге ұмтылтады жетегі.

Қабағына қатқан қырау мұз белгі,
Көз алдымда бабалардың жүздері.
Ғасырларға жалғасса да өшпеген,
Тұлпар тұяқ Тайторының іздері.
Іздеріне ой жүгірте қарасаң,
Бір өзіне мәжбүр етер іздеуді.

Бабалардан небір түрлі мирас қап,
Жобаларды тұрады олар растап.
Тасқа басқан бабалардың белгісі,
Ұрпағының ұштауына ұласпақ.
Тарихының тамырынан нәр алып,
Әлдеқашан ұмыт болған сырды ашпақ.

Жолықтым мен бабам қойған белгіге,
Әңгімемнің арқауы осы ендігі.
Қайда жүріп қазақ қайда баспаған,
Қай кезеңде анықталған елдігі.
Сол күндерге қойған көне белгіден,
Танылады ерлігі мен елдігі.

Шарлағанда моңғолдың кең даласын,
Алтай, Хянган, Кентау, Орқын арасын.
Жолықтырған кездерім де аз емес,
Тас мүсінді бабалардың моласын.
Қалай тастап кетті бабам неліктен,
Көне тарих не дейді оның жобасын?!

Таңбаларын тасқа басса Күлтегін,
Ұлылық пен даналықтың біл тегін.
Түркі тегін ұмыттырмасқа ұрпаққа,
Өмірінің арнаған әр бөлшегін.
Тарихына өшпес өрнек із тастап,
Таразыға тартқаны ғой өлшемін.

Мұндағы өмір қай кезеңнен басталған,
Онда кімдер бабаларға бас болған.
Ол аталар кімге жебе, оқ атқан,
Кімге арналып салынған бұл тасқорған.
Кімдер еді елін жаттан қорғаған,
Кімдер қостап, кімдер оған қас болған?!

Әлі күнге айқын емес шешімі,
Тас бетіне өрнектелген кесінді.
Әр бетіне таңбаланып жазылған,
Тоныкөк пен Күлтегіннің есімі.
Түрлі -түсті адам бейне тас мүсін,
Көне түркі шежіресін өсірді.

Әр күн сайын сол қорғандар ішінде,
Көп қараймын шеттегі бір мүсінге.
Бірнеше айлар көрмей қалған кезімде,
Көретін де болып жүрдім түсімде.
Жылы тартар нендей сезім білмедім,
Көркем сәні, ұлылығы үшін бе?!

Еске салар бабаның бай тұрмысын,
Тас құймалар бетіндегі бұл мүсін.
Жалын жайған хас тұлпардың бейнесі,
Бойға жиса көшпенділер үлгісін.
Телміреді ол алыс қарап қас қақпай,

Көргенім деп қуғыншыдан бір қысым.

Түскен шақта ат ізіне тура біз,
Айтылады тегі шындық бір аңыз.
Бір кездегі ел тұрмысын сөз етер,
Тас мүсінді тұлпар бейне мұрамыз.
Ер серігі – құс қанатты тұлпар деп,
Аңыз жайлы сөз етеміз тура біз.

II

Құлпырып, бұтақ жайып өмір көктем,
Әр ғасырда әр түрмен адам өткен.
Бай болса бірі патша, бірі өктем,
Өткен тағы біреулер қасіретпен.
Жетімсіз жесір-жетім, мұңлық-зарлық,
Жалғасып бұл дүние бізге жеткен.
Солардың көрген күнін, басқан ізін.
Кейінгі артқы ұрпағы тәмсіл еткен.

Сол бір шақ өткен тұста өмір өктем,
Тамыр тарта жалғасып арғы тектен.
Ғасырға ғасыр жалғап кетсе дағы,
Арылып көрмегендей қасіреттен.
Мәңгілік ғұмырнама сөз бастайды,
Тәмсіл мирас мұрасы бізге жеткен.

Бұл өлке арнасы кең, тауы биік.
Бүркеген тау шыңдарын бұлттар сүйіп.
Сайларда асау бұлақ, арда толқын,
Төменгі сағаларға жатар құйып.
Кең дала кеңістікте сағымша ойнап,
Қолтығын мекен еткен арқар, киік.

Сан сала бұл өңірді жайлаған ел,
Бұлқынттып құлын-тайын байлаған ел.
Құлпыртып елдің ішін қыз-бозбала,
Асыр сап баурайында ойнаған жер.
Керей, Найман, Меркітке мекен болып,
Ас беріп, ат шаптырып тойлаған жер.

Сауығы, салтанаты бек жарасып,
Ел еркін жасайтын-ды түрлі кәсіп.
Бірі бай, бірі орташа, бірі кедей,
Аралас ауыл қонып ұшарласып.
Ел бірлігін сақтаушы қариялары,
Сыр түйіп, сұхбаттасып, дидарласып.

Құлашын кеңге кере Керей, Найман,
Мекендеп бұл өңірге қанат жайған.
Орнығып ел іргесі тынышталып,
Қамсыз шақ болған еді бір талайдан.
Ән салып, ат ойнатып қыз-бозбала,
Қалмайтын аты шулы айт пен тойдан.

Байлары бір-бірімен текетірес,
Бақталас, барымталас, бәсекелес.
Қай жерім кем дегенсіп сенен менің,
Күншіл, күйкі тірлікпен болған күндес.
Би де, бек те байларын жақтайтұғын,
Дегендей «балық үндес, бақа тілдес».

Ішінде сол байлардың бір бай болды,
«Ұстаным етем»дейтін ата жолды.
Шешенсініп кеудесін көтеретін,
Сөйлесе бәсекеде оңды-солды.
Толықсытқан дәулеттің арқасында,
Әркім десті: «бұл байдың сөзі оңды».

Көпшілік дейтін мұны – аусар адам,
Ас дәмін тани білмес тамсанбаған.
Шөліркеп отыратын таңдай қағып,
Қанбастай жұтып ішсе кәусарлардан.
Пендеге ақыл қосып көрген емес,
Өз ісін орындарда көңілге алған.

Дәулеті бар он мың қой, бес жүз жылқы,
Аз да емес алтын, күміс жиған мүлкі.
Көпшілік атандырса Аусарбай деп,
Ақылсыз әдеттерін етіп күлкі.
Бәйбішесі ақылды адам екен,
Ара жік, ағайынға салмас іріткі.
Аумағына жағымды ісіменен,
Аусарды болғызбады көзге түрткі.

Бар еді осы Аусардың жалғыз ұлы,
Әзірге ашылмаған ішкі сыры.
Бала еді нәзік жанды көзге көркем,
Секілді болып өскен көздің нұры.
Ойға орамды, болжамды ісіменен,
Парлай білген бұрынғы, бүгінгіні.
Бай мырзалық, тәкаппар пиғылы жоқ,
«Кіші пейіл жан» дейтін халық мұны.

Жылқы бағып, ат мінсе бабын тауып,
Құрбымен ойнап күлсе балбұл жаныш.
Аңға шықса, салтанат сейіл құрып,
Қыран баптар, қаршыға, сұңқар салып.
Ауылда жас сыбайлас бозбалалар,
Қарайтын үлгісіне қайран қалып.

Жүргенде жалған қуып өмір сүріп,
Еткен іс әрекетке етпей күдік.
Кей пенде өзін өзі алдап жүрер,
Үмітін келешектен түңілдіріп.
Баласын Аусар солай қоя бермек,
«Өссін» деп еркін жүріп, ойнап күліп.

Көзге ұрып мақтан етер қолда барды,
Жас мырза сол пиғылды қолдамады.
Тең ұстап ауылдағы бар мен жоқты,
Байқатып оң ниетін тең қарады.
«Үлгі» деп айтушы еді қариялар,
Бұлдамай тең ұстауды қолда барды.

Әрдайым жылы жүзді инабатты,
«Бала – деп, - қариялар бұл бір затты».
Аусардың баласындай болсайшы дер,
Аталар сөз бастаса парасатты.
Үлгі алған анасынан ұл ғой десіп,
Көпшілік айтар еді ақиқатты.

Келгенде Абзал жасы жиырмаға,
Бас қосып қыз-бозбала жиылғанда.
Адалдан жар таңдауды мақсат етіп,
Көз қырын салар еді сұлуларға.
Қыз да көп көлденендер, көзін сүзер,
Жүргендей қара таппай ұрынарға.

Бәрін де Абзал іштей байқап білді,
Жай ғана қалжың сөзбен ойнап күлді.
Ашық ауыз, күлкіші, тұйық мінез,
Қылығы қыздардың да түрлі-түрлі.
Қай қыздың парасатты ісі бар деп,
Пайымдап сыр-мінезін ішке түйді.
Қыздардың бірі олай, бірі былай,
Сыңайы бұл жігітке жақпай жүрді.

III

Үйірі шепке кетті Көкқасқаның,
Кезіне тап болар ма жол тосқанның.

Елде көп бөріжүріс ұры-қары,
Қолына кете ме деп бір басқаның.
Жылқышы айқай-сүрең сала келді,
Ісі деп сырттай бізбен жауласқанның.
Тез қимыл жасамасақ - іс болмас, деп,
Тоқтамын күтпестей-ақ сөз қосқанның.
Жағына жас мырзаға сөз бастады,
Көкесін көрсетсек деп, алжасқанның.

Аялсыз Абзал мырза атқа қонды,
Із кесті, қуа жүріп оңды-солды.
Ежелгі жермен сырлас малшы қауым,
Тұспалдап жылқы айдалып кеткен жолды.
Сай саланы адақтап, сүзіп шықса,
Ақыры болып болжам, ісі оңды.
Асырып алты қырды айдап кеткен,
Жолығып жылқысына көңілі толды.

Көңілі жас мырзаның жай тапты да,
Қандай дәм әкелді деп айдап мұнда.
Күй-жайын байқамақ боп ел мен жердің,
Айналып жүрген жай бір салт аттыға.
Алды да бір серігін қала берді,
Жылқысын басқаларға айдатты да.

Аралап келе жатса елдің ішін,
Пайымдап дүниенің түрі-түсін.
Көп ішінде түрліше кәсіп қылған,
Ерекше еске түйіп ортақ ісін.
Өзінің өлкесімен салыстырып,
Өзгеше бұл өңірдің құбылысын.

Жолықты жол үстінде бір адамға,
Сәлемін қабыл алды бұл адам да.
Білмейтін біреу болды жол жобасын,
Жолаушы жол бағдарын сұрағанда.
Тек қана бағыт сілтей жауап берді,
Білетін адам бар деп мына маңда.

Сол тұсқа жетіп келсе екеу ғана,
Бұл өзі оңаша жер, жеке дара.
Елсіз мекен сияқты көрінген соң,
Көз тіксе төңірекке қосарлана.
Анада кетпен ұстап, бұта шауып,
Жүргені көзге түсті бір қыз бала.

Іс болып көрінгенде жүрек сыздар,
Өмірден көрген бе екен көптен ызғар.

Бір бастаудан әкелген арық тартып,
Әр жерге суды бұрып салған із бар.
Малын сауып ішуді ауырсынып,
Ауылда жүруші еді мұндай қыздар.

Шауып жүр тобылғының түбін ашып,
Еткен-ау қолын епті көптен машық.
Бүкшеңдеп ар жағында бір қария,
Ол да жүр тобылғының түбін аршып.
Жолаушы қыз қасына жақын келіп,
Бір-екі сөз қатысты жауаптасып:
- Егін егіп жүрмісің, - деп сұрады,
Қыз айтты: «Тер шығарып терген кәсіп».

Ұғымды бола қалды қыздың сөзі,
Мақаммен ұқтырудың нағыз өзі.
Бір қарап қалғанын да мырзаларға,
Жанарын жалт еткізіп екі көзі.
Еңбеккер, әдебі асқан ибалы қыз,
Сәйкесіп қимылына тұр мінезі.
Сымбатқа сай ұнамды киіндірсе,
Сұлудың тандап сүйер нағыз өзі.

Сыпайы әрекеті сөзге епті,
Байқатты жан екенін түбі текті.
Айналып кетерінде басын иіп,
Жарасты бір мінезбен тағзым етті.
Қаршадай қара қыздың тал бойынан,
Күтпестей адам мұндай қабілетті.
«Бұл қандай қажырлы жан» десті екеуі,
Көтерген мынау ауыр тауқыметті.

Сөйлеген сөз мәнері ұпайымен,
Өткендей болды үлкен білдіріп жөн.
Тең болса төрт құбыла тереземіз,
Дегендей ұғым беріп: «мен кімнен кем?»
Толғанып Абзал терең ойға қалды,
Адамдай болмайын деп жөн білмеген.

Ашықтап айтпаса да бір адамға,
«Тағы да оралам» деп бұл араға.
Күс саусақ, қарға тұяқ егінші қыз,
Ұқсайды жас мырзаға ұнағанға.
Жас жүрек жалын атып қалап тұрса,
Тағатын азаматқа кінә бар ма?

Кетпеді қыз қылығы көз алдынан,
Қыз да жан емес еді бейғам тұрған.

Жолықса жолбикесіз адал жігіт,
Жан еді жалықпайтын айтар сырдан.
Әрі мол рухани қазынасы,
Жас сұлу ойы тұнық, көңілі нұрдан.

Болашақ болмаса да мақсат биік,
Жас жүрек жалындады жанып күйіп.
Көлбеңі көз алдынан кетпей қойды,
Тұрғаны әлгі қыздың басын иіп.
Бұл қызға қайта тағы оралам деп,
Байламын өзегіне қойды түйіп.

Қыз ойлаған бұл мырза неткен жігіт,
Жарасқан тал бойына көркемділік.
Байқатып парасатын алғашқыда-ақ,
Жымыып жылы жүзбен кеткен күліп.
Жалт етсе жанарынан ұшқын атып,
Жүрекке жалғағандай үзбес үміт.

Парасат биігінен оймен болжап,
Қос жүрек ұғысқандай іштей толғап.
Еріксіз бір бұла күш бойын билеп,
Әкетті әл қуатын әбден қармап.
Біріне бірін тым-тым жақын тартып,
Әкетіп бара жатқан қандай салмақ.

Екі жас келген еді жарасымға,
Із түсіп екі ауылдың арасына.
Деген ғой көңіл жүйрік көк дөненнен,
Апталық жол болса да арасында.
Айына бір келетін болған Абзал,
Сүйгені тұрмаса да қыр астында.

Қыс өтті, жаз жадырап көктем келді,
Құлпыртты нар табиғат бөктер белді.
Ел жайлауға өрлейтін мезгіл болып,
Түсірді қозғалысқа көшпенді елді.
Абзал да атқа қонды бұл мезгілде,
Арманын орындарға көптен бергі.

Артына аял қылмай жүріп кетті,
Көңілін алғыр үміт биіктетті.
Жастық шақ, жарқын үміт-бал махаббат,
Жастарды бір-біріне сүйікті етті.

Баласы ағызғандай тілден майын,
Айтса да ақтарыла қыздың жайын.
Адамдық ар мөлшерін есепке алмай,

Сұрады ең бірінші кедей, байын.
Кедей қыз деген атау естілгенде,
Танытты ұйғармастай сырт ыңғайын.

Әкесі бермеген соң оң райын,
Анаға айтты Абзал болған жайын.
Анасы тұр бердім деп ақ батасын,
Жолыңды оңғарса, игі бір құдайым.
Анасы оң ниетін танытқан соң,
Ұлының көңілінен кетті уайым.
Ақ жарқын, алау жанып атқа қонды.
Ешкімнің есіне алмай кедей-байын.

Төгілсе шешендерден сөз бұлағы,
Бар десіп, ер жігіттің үш тұрағы.
Үш жұрты тең тұратын азамат жоқ,
Теңдікті мыңнан бірге кез қылады.
Қайткенде тең келер деп тебінгісі,
Ойласаң бас айланып, көз тұнады.

Нағашы, қайын жұрты, ата жұрты,
Үш нәсіл, үш бүйірден, іш пен сырты.
Үш текті үйленерде еске алуды,
Ертеден ескеретін қазақ ғұрпы.
Тең болып қос босаға қосылса егер,
Көкейден сейілер деп көңіл бұлты.

Абзал да, бүгін соның бірі болып,
Алысқа жасамай-ақ ірі жорық.
Толықсып төрт құбыла төңірегі,
Қайын жұрт тұрмаса да ірі болып.
Өзі ұнатқан, сұлуын іздеп шықты,
Демей-ақ, кедей қызы күні ғаріп.

Демей-ақ, күні ғаріп кедей қызын,
Жібiттi жүрегiнiң соған мұзын.
Жарасты екі жастың көңіл күйі,
Көруге ынтықтырып нұрлы жүзін.
Көзіне Қарқарадай көрінеді,
Қараша үй наны да жоқ жалғыз үзім.

Тәңірдің еншісіндей бұған тиген,
Сүйгенін жолықтырып сол бір үйден.
Қоңырқай көрінді әне, қара лашық,
Қоршалған айналасы кигіз шимен.
Сығалап босағада тұрғандай-ақ,
Сұлуы «кел мұнда-лап» көңілі сүйген.

Бұл үйдің бас тұлғасы кемпір-шалы,
Он ешкі, екі сиыр, екі ат – малы.
Бар медеуі – Жансая, жалғыз қызы,
Түлеткен балапандай ұядағы.
Малы да, жаны да осы бір қарашық,
Көз нұры, көңілдегі қызғалдағы.

Жыл бойы қалыңдықпен ойнап күлген,
Ата-ене халі-жайын танып, білген.
Бұл жолы не мақсатпен келгендігін,
Бүкпесіз ата-анаға айтты бірден.
Үйіне жан серігін ертіп қайтып,
Қызымен отаспағын көңілі сүйген.

Көрмеді ата-енесі бұл сөзді айып,
Көз шылап отырған соң аз мұңайып.
Әуелден бойжеткен қыз үйде отырмас,
Тәңірдің демеді ме құсы ғайып.
Дегенді айта толғанып қос қария,
Кәделі жол көрсетті іске лайық.

Жан еді қария да көрген көпті,
Тіледі екі жасқа ақ тілекті.
Кезі ғой қайрат қашып қалжыраған,
Татпаған жандай болып бал шербетті.
Бұл күнде томаршадай болғанымен,
Асылдың сынығы еді түбі текті.

Әумин, айтып адал ақсарыбасын,
Қыз, күйеу баласына арнады асын.
Тәңірім қосағыңмен қоса ағартып,
Тілеген ниетінді Алла оңғарсын.
Жай тапты екі жастың көңіл күйі,
Алған соң ата-ананың ақ батасын.

Аттамай ақ ниетпен ата жолдан,
Ақ бата алған жастар атқа қонған.
Қыз ұзатар ырым той жасаған жоқ,
Қос қария шамасы осы болған.
Анасы баласына ере жүрді,
«Апарып тапсырам» деп өзім қолдан.

Құдаға қызын ерте келді анасы,
Бай, кедей есінде жоқ тайталасы.
Келін келер, той болар деген жан жоқ,
Ауылдың жым-жырт еді айналасы.
Ерлер жоқ Аусар ертіп аңға кеткен,
Япыр-ау, үйде жоқ па, қайда анасы?

Қараңыз тауқыметін сұм жалғанның,
Кедейге бай бұлданып, тұлданғанын.
Аусарды ашу кернеп, арындаған,
Қайнына ұлы алғаш аттанған күн.
Ұлының кедей қызға үйленбегі,
Абзалға ала жіптей тағылған мін.

Сырт бере жауаптаспай әке кетті,
Бай құда болмады деп, «ас та төкті».
Үйде анасы ұлының қамын ойлап,
Дайындап қойған еді бар қажетті.
Анасы тыңдамапты Аусар айтқан,
Салтанат сап түзетер өсиетті.

Айшықты көрінердей былайғы елге,
Оңаша отау тігіп әудем жерге.
Оң аяқпен кіргізіп келінді үйге,
Шығарды құдағиын күтіп төрге.
Парасаттап бәрін де жалғыз жайғап,
Ана шіркін, түсіп жүр әбігерге.

Бас қосқан қариялар қауқылдасты,
Ғұмырын ұзақ қыл деп екі жасты.
Ақ сары бас қой сойылып, ет желініп,
Үлкендер жаудырысты ықыласты.
Ұнатпай әрекетін Аусарбайдың,
Болып жүр дегенді айтып дәулетмасты.
Немене мастық емей десті әркім,
Жалғызы үйленген күн үйден қашты.

Үлгі бар түскен келін ерте тұрмақ,
Ісіне келген жердің мойын ұсынбақ.
Түндік түріп, от жағып, ошақ асып,
Құрметтеп ата-енеге салар сырмақ.
Ауылда көз қарақты абысындар,
Жас келін жасар десіп қалай құрмет.
Көз тігіп көлденеңнен жүргендер бар,
Құлшынып, күн ілгері болар білмек.

Бұл күні, келін ерте түндік ашты,
Асын құйып, от жағып, қазан асты.
Мол дастархан, өңді шай, дәмді тағам,
Үлгісімен үлкенге ұшырасты.
Иіліп қарияларға сәлем жасап,
Ебімен орындады бұл мирасты.
Болғанда кіші бесін суға барды,
Айнала төңірекке көзін салды.

Жаңа жер, көрмеген ел, жаңа қоныс,
Өрістен көрсе, қайтқан қыруар малды.
Суын алып үйіне қайтқан тұста,
Көлденең жүргіншіні көзі шалды.

Отауға қонақ келді кешке таман,
Шаршаған, шөліркеніп, шамырқанған.
Алыс жүріп, ат соғып, келсе керек,
Алғандар мал қайырып барымтадан.
Қосарлы жетегінде он бір жылқы,
Жүргінші, шағын топты екі-үш адам.

Кездейсоқ, келсе дағы оқыс-олақ,
Келін жүр зыр жүгіріп, жайып табақ.
Асын құйып, қандырып сусындарын,
Жасаған жандай болып ірі сауап.
Абзал жүр құрақ ұшып, малын сойып,
«Алғашқы түселім,- деп» құдай қонақ.

Бұл күні үй иесі ерте тұрды,
Қонақ та қызметіне пайым қылды.
Жайлы жатып, көңілді болған қонақ,
Ақтарыла сөйледі, ашып сырды.
Қай жерде алды, кетті, қуғын-сүргін,
Замана шерін қозғап зарлы-мұңлы.
Бұл жолға бастан кешкен оқиғасын,
Жастарға тәмсіл ете айтып тынды.

Жиналып аттанарда құдай қонақ,
Жас келін бір қозғалып, тұрған парлап.
Он бір жылқы ішінен бір құнанның,
Жанына жақын барып, жанай қарап.
Жіліктеп күйеуіне айтты бәрін,
Сол тайдың бар мүшесін санамалап.

- Бос белбеу, бота тірсек, құлжа мойын,
Ас етіп алты жұлса алар тойым.
Кең тынысты, алқалы, омыраулы.
Еңсесі көтерілер жүрген сайын,
Сіңгірлігі көк етті түйінделген,
Қанша шапса қыздырмас жілік майын.

Бұлшық ет тарамысты, біткен тұнық,
Құс төсті, құлан құрсақ, барыс тұлып.
Буынсыз бітеу біткен омыртқасы,
Артына қарай алмас мойын бұрып.
Мұндайды «күйсіз күлік» - деп атайды,
Болса да әл жібермес ыстық-суық.

Түйінді астыңғы ерні тайтұяқтай,
Артық бір мүшесі жоқ тап-тұйнақтай.
Шыға салма, шаң тимес, жел табанды,
Ал десең, алға шығар атқан оқтай.
Қанша шапсын бір қара жақындатпас,
Қасында бірге шапқан жылқы жоқтай.

Елгезек жетелесең, жандай сырлас,
Белдеуге байлап қойсаң тұрар қиғаш.
Бас сүйекте қызыл жоқ, қырып алар,
Қаз мойынды, қыран төс, қасқалдақ бас.
Сулықты езулігі ойық біткен,
Арасы азу тістің арпа симас.

Арасы арпа симас, азу тістің,
Бұл өзі белгілі емес, түр мен түстің.
Ит азу – шөп жұларға жанап шығу,
Шамасын байқатады қайрат-күштің.
Дененің күш-қуаты әрқашанда,
Қуатын арттырады серпілістің.

Шоқтық биік, сербекті, сұйық жалды,
Жазық сауыр, сәл ғана биік алды.
Бойы-тұрқы тең келген тік төртбұрыш,
Құсқанат жылқы демек мұндай малды.
Талғамас, талмай шабар ылди-өрге,
Жібер де, қарап отыр жануарды.

Ат сынын тыңдағанда Абзал ұйып,
Сөз емес, деп ойлады арты сұйық.
Әр мүшенің өзіндік орны барын,
Алсам деп көкейіме әбден түйіп.
Ықылас ынтасымен тыңдап еді,
Бұл да бір өнер-ау, деп орны биік.

Шешілген жұмбақты іске қайран қалды,
Түйіндеп сөз мөлшерін ойға алды.
Кескін-келбет, жіктеліп айтылған соң,
Ерекше мал екен деп жануарды.
Бір тайды қиып маған берсеңіз деп,
Жүргінші қарияға назар салды.

Жан еді қария да тым сезімтал,
Атанған өз жерінде қырағы шал.
«Бұл түйғын» мен де байқап қойған едім,
Мыңнан бір жолығарын дәл мұндай мал.
Ұзақ жүріп, талығып біз келеміз,

Тартымды екі ат беріп, алдағы қал.

Жүргінші беріп кетті бұл бір тайды,
Естіді ауыл түгел болған жайды.
Күн тигізбей саяға байлап бағып,
Жас келін күтім жасап аялайды.
«Келін солай істепті»-деген бір сөз,
У құйғандай күйдірді Аусарбайды.

Келінін Аусар әлі көрген жоқ-ты,
Ойында оның да бір болжам бопты.
Тумасынан түгі жоқ тұлдыр кедей,
Қақпақсыз қазанына қақ тұрмапты.
«Бұл қызды келін етіп кіргізбек»-деп,
Кедейлік мінін қозғап жақтырмапты.

Міне, сол кедей қызы ат сынаған,
Не білмек жарымаған қырсыз надан.
Келмей жатып билікке қол созатын,
Кім берді еркінситін ерікті оған.
Әлін білмес тіремек бұлтқа бойын,
Ат міну атасынан бұйырмаған.
Көшір үйін бұл жерден, әкет аулақ,
Көзіме көрінгені-ай түсі жаман.
Ант етемін маңымды бастырмасқа,
Көрсетпе сұмның жүзін мүлде маған.

Атасы осылай деп кеуде керген,
Ой қосып пікірлеспей іргелі елмен.
Оңаша бір өңірге барып қонған,
Екі жас құшақ жазбай бір-бірінен.
Аусардың қылығына қайран қалып,
Іс болды жиіркеніп, ел түңілген.

Абзалдың сөз қозғасақ сыр жайымен,
Жүрмеді әке ұстанған ыңғайымен.
Арада келіп қайтып жүрді анасы,
Паш етіп әке сырын айтпай мүлдем.
Жастарға бұл екі жас үлгі болды,
Махаббат қасиетін сыйлай білген.

Жарасты жан серігін жаны сүйіп,
Жұптасып бір-біріне сүйеді иық.
Махаббат бал шәрбатын татқан жастар,
Алман деп бірін-бірі исіндіріп.
Топтасқан ел жастары қыз-бозбала,
Сыбайлас жүрер еді ойнап күліп.

Біреп жыл өтті тағы мұнан былай,
Шешіліп әке ұлға бермеді рай.
Ел іші байларымен ым-жым болып,
Жеке топ шоғыр құрып ығай-сығай.
Той десе үйірімен ат жаратып,
Өзінше қыр көрсете жүрді тынбай.

Жаз шығып жайма шуақ жадырады,
Мал төлдеп, қозы-лағы маңырады.
Пыр-пырлап қысқа таңда торғай шырлап,
Көңілді күндер келді мамырдағы.
Көсіле кең көгалға ауыл қонып,
Түндік түрді қазақтың шаңырағы.

Түрілсе ақ орданың шаңырағы,
Қазақтың еске түсер аруағы.
Ас беріп, жер ошағын қоңырсыту,
Атадан қалған мирас еске алмағы.
Артында қалған дәнін төгіп шашып,
Үлгі еді алты алашқа жар салмағы.

Той десе домалайды десіп қу бас,
Ол тойдан шамасы бар адам қалмас.
Ел іші хабар алып бір-бірінен,
Жетегі көпке жетер жалғас-жалғас.
Ат байлап, балуан сайлап, саба жинап,
Салтанат сәніменен басталар ас.

Оятып ошарылта дүйім елді,
Хабаршы сауын айта мұнда келді.
Әр ата, әр рудың балаларын,
Айшықтап атын атап белді, белді.
Ас жайлы елге хабар айтылған соң,
Бәйгеге қосалық деп Арпагерді.
Бекем жүріп төрт бөліп түн ұйқысын,
Жансая ат баптарға кірісті енді.

Не десе о десін деп ара ағайын,
Байлаумен саясына қарағайдың.
Боз бордағын шығармай бойға ұстатып,
Жай жүргізе жиғызып аламайын.

Біртіндеп қою тері сұйылғанша,
Тартылып бауыр еті жиылғанша.
Зорламай, зорықтырмай, міне жүріп,
Жүруге жініктіріп тыйым салса.

Болған соң жазық бауыр, тартық жонды,
Ет қыздыра жүргізіп қысқа жолды.
Қазы майын жиғызбай, аш құрсақтап,
Тоқ жарау бір қалыппен жүрсе болды.

Тер алып бірнеше таң асырған соң,
Өкпе, жалдап, шақпақ еті ашылған соң.
Көбік тер, боз бордағы түгел шығып,
Тұз кермек – қышқыл тері таусылған соң.

Денеден шығар сарқып тұнық тері,
Шабысқа сай тұрғандай кеңір жері.
Бауырын кеңге жазар мезгілі бұл,
Талғанбас шабар жердің ылди, өрі.

Түзелер сүмбедей боп бауыр тартып,
Босаңсып тез терлемес бойы балқып.
Бұл тұста қанша шапса болдырмайды,
Сұңқардай қанат кере ұшқан қалқып.

Жансая еріне айтса мұндай кеңес,
Атбегі анық жоқтай бұған теңдес.
Ықтияр ері де оны орындауға,
Іс емес деп түсініп қолдан келмес.

Апай төс салқын самал орын болып,
Келеді ойға алғаны орындалып.
Арпагер бой түзеді әр күн санап,
Құлпырып, күлтеленіп, сұлуланып.

Бұл тұста халық асқа жиылған-ды,
Әр өңір, әр саладан құйылған-ды.
Ойып тұрып ортаға орда тігіп,
Ішіп жеп жатқан да бар бұйырғанды.

Бас қосқан бәсекеде Керей, Найман,
Сыбаға руларға орын қойған.
Ел іші берекесін байқататын,
Кей мезгіл жанжал шығып мұндай тойдан.

Шақ келмес шанағына айт пен тойлар,
Әйгілі әр өңірден келген байлар.
Жон көрсете шектесіп бір-біріне,
Сес беріп, сескендіріп етеді айбар.

Бұлардың Аусарбай да жүр ішінде,
Мәз болып жүрген дара жүрісіне.
Тобымен әлдекімге ат байлатып,

Разы болғандай-ақ бұл ісіне.
Арпагер, Абзал жайлы сөз естісе,
Есесін жіберместей тірісінде.

Толысып толықсыды тойдың тобы,
Әркімнің естен шығып бар мен жоғы.
Анау оған, мыналар бұған жақтас,
Байқалып әркімнің де шоғыр, шоғы,
Бақталас бәсекелер шендескендей,
Жоқтай боп бір-біріне атар оғы.

Сақтанған қариялар бұл бір істен,
Бірінен көрсетпекке бірін үстем.
Тойбастар дәнекерші азаматтар,
Тынымсыз жүретін-ді жүгіріспен.

Тоң мойын, мес қарындар тойға келген,
Не күтіп, нені тыңдар келген елден.
Кедейлер ошақ басы мұртын сипар,
Мәз болып жегеніне сирақ, жөргем.

Түзетіп қыз-бозбала ән ырғағын,
Танытып тойға тіккен шаңырағын.
Тоғысқан апай төске атбегілер,
Баптасып сәйгүлігін, арғымағын.
Жетелеп, желпіндіріп тыным көрмес,
Ашсам деп жануардың маңдай бағын.

Дегендер шоғырланса бір ортаға,
Білгіш те, білгір де көп бұл ортада.
Ұзын арқау кең тұсау жасайтын бар,
Жиылған арадай боп омартаға.

Ат бағып, саңлақ күткен жігіттердің,
Жеткізе айту қиын үміттерін.
Жаз бойы ат жаратып, ұйқы бөліп,
Өзінің ұмытқан мүлдем бой күткенін.
Апта сайын тер алып, таң асырып,
Қызықтап сәйгүлікті жүгірткенін.

Әркім болып үміткер,
Баптаған сәйгүлігін.
Жылқы жанды жігіттер,
Ат қасында жүр бүгін.
Жеке дара бір жерде,
Бек, мырзалар жүйрігі.
Топтастырған бұл жерге,
Ауқаттылар бұйрығы.

Кермелері керіліп,
Қатарымен байлаған.
Салтанатты көрініп,
Ауыл маңы той болған.

«Сыншы» дескен білгірлер,
Өз ұпайын саралап.
Мынау «нағыз дүлдүл» дер,
Ой жоруын шамалап,

Арпагерін жетелеп,
Келсе біздің сыншымыз.
Әркім келді төтелеп,
Не дейді-деп, сыншы қыз.

Келді бірлеп атбегі,
«Сынашы» деп жүйрігін.
Әр атаның тентегі,
Ішке түйіп бүлігін.

Тартынбады жас келін,
Тебірене сөйледі.
Айтты әрқилы өлшемін,
Түрлі-түсті бейнелі.

Әр атқа бір көз салып,
Пайымдарда шамасын.
Бас қосқандар топтанып,
Бөліп тұр ой-санасын.

Сыншымыздың сөзімен,
Жіктер болсақ жылқыны.
Тоғыз топқа бөлінген,
Келген жүйрік бұл күнгі.

Ойды қыстап, қыр күзеп,
Сақтанған жел өтінен.
Қысыр сүті бой түзеп,
Арда еміп жетілген –
Сүт жүйріктер келіпті!

Жаз жіберіп, күз мініп,
Апайтөсті жайлаған.
Жілік майы үздігіп,
Арып жоны таймаған –
Ет жүйрік те келіпті!

Қысқа мойын, аршын төс,
Күдірге шапса майырылмас.
Әрі мықты, әрі мес,
Алты ай мінсе арымас –
Мұз бүйрек те келіпті!

Қыл сағақты сандалгер,
Сылаң аяқ, керім сал.
Шамасы бар әудем жер,
Сұңғақ мойын, нәзік бел –
Ұшқырың да келіпті!

Саба құрсақ, салма төс,
Жазық сауыр, тартық бел.
Кең маңдайлы, кешкіл бас,
Желіп кетсе жетпес жел –
Күдірің де келіпті!

Серке санды, қой бүйрек,
Күдір жота күреңше.
Әрі жуас һәм жүрдек,
Тықыршымас мінгенше –
Сандалың да келіпті!

Қыздыра алмас әудем жер,
Құлжа мойын төңірек.
Қазан сауыр, қақпан бел,
Желіп кетсе жетпес жел –
Шомбалың да келіпті!

Қыз талдап айтса осылай тұрған елге,
Ден қоя, құлақ түрді бұған ел де.
Жоқ та емес топ ішінен мұрттан күліп,
«Не білер бұл шүйкебас?» дегендер де.

Қыз сөзі көп ішіне сараланды,
Әр аттың әл қуаты шамаланды.
«Күйсіз күлік жүгірмес» деген қазақ,
Бәйгені бақ алмайды бап алады.

Арпагер жер басқанда оңды-солды,
Көрініп қоян сауыр, жұмыр жонды.
Тері арылып, ет қатып, сүбе тартып,
Болғандай бастан күткен күйі оңды.

Дөп басып баптағанда күн ілгері,
Болған ғой жазық бауыр, тартық белі.
Жалтаң қарап, жас төгіп есінейді,

Оқтаудай жұмырланған бүйірлері.

Сүзе қарап телміре, үздігеді,
Алыс болжап, әріге көз тігеді.
Сілкінісі жиілеп барған сайын,
Дегенді байқатады күйім келді.

Ертемен ат айдалар сәресіде,
«Жетсін» деп белгі қойған мәресіне.
Бұл күнгі той тізгіні атбегіде,
Тигендей тек солардың үлесіне.

Көз алмай байқаған қыз Арпагерді,
Ат шабар баласына кеңес берді:
- Қарағым мұның өзі «Кең сал» жүйрік,
Ұмтылмас созылғанша шабар жері.

Тамшы тер бауырынан төгілгенде,
Ұқсайды жер танабы кеңігенге.
Сол тұста тақым қыса бекем отыр,
Жазықта, жердің ылди өрінен де.

Ортаға түсіп кетпе қат-қабатқа,
Жанаспа тым жақындап шапқан атқа.
Әр түрлі айла әрекет жасайтын бар,
Қырағы бол қарағым, әр уақытта.

Оқ бойы алға шығып ұзап кетпе,
Көлденең, қиғаш тартып шықпа шетке.
Ұзақ сілтеп тынысы кеңір білем,
Жылқы еді «қос тынысты, тесік өкпе».

Той бараны алдыңнан көрінгенде,
Тізгінді босатарсың, сонда сен де.
Қақ жарып топ ортаны сен өткенде,
Айқындар ат иесін көрген пенде.
«А, Құдай, ақ жол бер» - деп, ақтан тілеп,
Тұрармын сені күтіп мұнда мен де.

Жүйріктер саласы кең, шамасы тең,
Намысшыл тектіліктің таласымен.
«Ат шаппайды, бап шабар» сөзін нақтап,
Әр қайсы келеді өз шамасымен.

Жер алып шапқан сайын бекіп белі,
Ұмтылса кең тынысты күдірлері.
Ащы тер арылған соң бойын жиып,
Бір шама бауыр жазар күйсіздері.

Екпінге екпін қосса жел-жүйріктер,
Тыраштап жер ұтады мұзбүйректер.
Бұлшығы бұлтылдаған шомбалдар да,
Құлашын кеңге созар шыққан соң тер.

Сыналса топ жаратын сәйгүліктер,
Бірінен бірі ілгері қалса әудем жер.
Бел алып жер танабын ұтқан сайын,
Аяқты алыс тастар шын жүйріктер.

Бұл тұста құлаш жазған Арпагер ат,
Тобынан суырыла шығып бір сәт.
Алысқа құлақ тіге, көз салады,
Төрт тұяқ жер оярдай басқан нықтап.

Мәреге таяғанда жер танабы,
Жүйріктің құртқан тұсы бар шаманы.
Алысқан ауыздықпен сан жүйріктің,
Қарысқан мезгілі еді жерсоғары.

Көрінсе мәре тобы сонадайдан,
Жүйрікке бәйге алу да ірі майдан.
Ошарыла көз тіккен қалың қауым,
Үмітті күткен еді әрбір тайдан.

Дегенде ат келеді, ат келеді,
Ат келсе он екі ру жат көреді.
Әйгілеп алты алашқа атын атап,
Сынайтын шағы да осы бапкерлерді.

Ел сөзі, ер егесі тыншымады,
Тарқамай қыңғылардың қырсығы әлі.
Әр бапкер айтқан сөзі рас па деп,
Айқындар шағы да осы сыншыларды.

Шыққанда жүйрік саны сонадайдан,
Көз тіге қарай қалған Керей, Найман.
«Тарланнан баран озып келеді» деп,
Бұл іске таңырқана қалса қайран.

Кім қайдан келтірген деп мұндай малды,
Бәз біреу көп ішінен айқай салды.
Ожарлығын танытып дүйім елге,
Үрейі ұшқандай-ақ шамырқанды.

Бұл елдің той жасаса әрбір байы,
Бәйгесіз өтпеген ғой қазақ тойы.

Он жыл бәйге бермеген кәрі тарлан,
Түсер деп кім ойлаған абыройы.
Өзегі ойран болып айқайлаған,
Қалтырап иесінің тұла бойы.

Тұлпар деп қариялары еткен кеңес,
Тарланға ешбір жылқы жеткен емес.
Тұлпардан ат озыпты деген сөзге,
Іс еді көзбен көрмей, адам сенбес.

Арпагер бауыр жаза құлаш керді,
Талғамас күш байқатып ылди-өрдi,
Тағы бір мықты жүйрік шығыпты-ау, деп,
Бір елең еткізгендей тамам елді.
Тобынан дараланып алға шыққан,
Сәйгүлік, сандалгерді халық көрді.

Көз ұшы Арпагердің қыр асқаны,
Құс қанат жүйріктігін растады.
Кедей қыз сыншылығы, білгірлігі,
Жайында ешбір пенде сыр ашпады.
Тек қана ел ішіне аңыз болып,
«Жас сондай болсайшы» дер мирас қалды.

Бас бәйге он бір жылқы, бір қысырақ,
Елу қой, елу тоқты, ісек-тұсақ.
Ешбір мықты сыбаға дәмете алмай,
Қозғалтпай қойғандай-ақ етіп тұсап.
Елу қойын кедейге үлестірді,
Мән бермей әлділерге әркімге ұқсап.

Әлсізге қара дүрсін етер айбар,
Бай-манап, текті мырза, Аусарбай бар.
Күрмеусіз түйін жіптей қала берді,
Белгісіз ішкі сырда нендей айбар?
Әділет мысы басты, - десті әркім,
Жанжалсыз өтпеуші еді мұндай тойлар.

Ұзақ жыл бұдан соң да өтті кетті,
Арпагер жылқы атанып өрен текті.
Он бес жыл алдына бір ат түсірмей,
Баршаға бапкер қызды әйгілі етті.
Бұл қыз - кім, тегі қайдан-десті әркім,
Таба алмай қыз жайлы анық мәліметті.

Жан еді қыз әкесі іске епті,
Ақылы дариядай терең текті.
Ер тұлғалы еңбеккер адам еді,

Әрқашан адал жүріп, бұзбас сертті.
Атбегі, құсбегілік дәурен кешіп,
Ақиқат іс жасаған әділетті.

Келгенше елу жасқа бала болмай,
Ішкен асы бойына жүрсе қонбай.
Мінезі бірде ашық, бірде жабық,
Өмірге жүрген күнде көңілі толмай.
Талыға бір перзентті болған еді,
Көгертіп көк күмбезін атқан таңдай.

Толығып қарияның жанұясы,
Ғұмырлы болсын десіп жан қимасы.
Жансая қойып атын, ұланасыр,
Көңілдің тасыған-ды дариясы.
Көкірек көкше бұлты сөгілгенде,
Теңеліп төрт құбыла мал мен басы.

Мінеки қартың бүгін сексен бесте,
Өмірі көз алдында өткен есте.
Жиенін, жиеншарын, шөбересін,
Ойнатып саяхаттар әрбір кеште.
Адалдық жеткізеді мұратына,
Дегеннің бір түйіні осы емес пе?!

Түйін

Еске алып жазғаным сол Арпагерді,
Әріден басталғаны сөздің тегі.
Өбірханғай аймағы астанасы,
Атына Арпагердің атын берді.
Ел іші жүйріктер көп бұрын өткен,
Бұл отау дараланып неге келді?!

Шек қоймас шекараға белгі сызып
Ежелден шүршіт, қытай ойы бұзық.
Үкімін жүргізуді аңсайтұғын,
Әрқашан бұл өңірге көзін сүзіп.
Өттең-ай, қарауыма алсам деумен,
Кетпеген кезеңі еді күдер үзіп.

Тоңазып шөп басына қырау тұнып,
Боқырау түскен тұста ызғар суық.
Онаша отарында жатса жылқы,
Әкеткен жалғыз түнде шүршіп қуып.
Күн бұрын сырттай торып, аңдып анық,
Жымысқы жасағанда істі суыт.

Ызғырық күзгі салқын, желі өктем,
Бұлыңғыр аспан бүркек тұман шөккен.
Бүркегін табиғаттың пайдаланып,
Айдаса тоқсан жылқы бөліп еппен.
Үйірден шеттеп сыртқа шықпайтұғын,
Арпагер үйірімен бірге кеткен.

Өкініш қуғыншының өктемдігі,
Отарға ебін тауып жеткендігі.
Тағы да Жансаяның тынышын алды,
Қуғында Арпагердің кеткендігі.
Ойлады ол: Осы Арпагер еді ғой деп,
Тәлімгер еткендігін көпке үлгі.

Жат елге қуғындалып жылқы кетті,
Малды ауыл жастарынан ұйқы кетті.
Өктем ел озбырлығы үстемелеп,
Әр түрлі іс жасаумен әлім жетті.
Қысы қатал, ызың жел, қара суық,
Талайды торықтырып еңіретті.

Көшпенді отырған ел қатар-қатар,
Қой, жылқы мыңғырылса отар-отар.
Қар басқан мал өрісі жайылымсыз,
Орын жоқ, ашық қора түнде жатар.
Ақ сүйек жұт атанып, мал қырылды,
Долданып Доңыз жылдың қысы қатал.

Әлсізге жасағандай әлім жетті,
Халыққа қаһарлы қыс үкім етті.
Талайлар жүген ұстап жаяу қалып,
Жете алмай бір-біріне тентірепті.
Көше алмай қыстағынан өрге жылжып,
Қайыршылап күй кешкен күндер өтті.

Көне көз бір қария өзі мерген,
Ақылшы санап халқы соңына ерген.
Әдейі ерте жүріп елден бұрын,
Жер шалып ел жайлауы тауға келген.
Көз тіге әр өңірді байқаған ол,
Оңаша жалғыз тұрған жылқы көрген.

Барсам деп сол жылқыға етіп талап,
Біршама көңіл бөле тұрды қарап.
Айналып анау жолмен барайын-деп,
Жанама қия жолды жеңіл санап.
Қасына жалғыз жылқы келгенінде,
Таңданды көрген іске тамаша боп.

Құбылыс ерекше іс көңіл бөлген,
Айтарлық оқиға еді көзбен көрген.
Алыс қарап шығысқа құлақ тіге,
Жылқы екен төрт тағандап тұрып өлген.
Ажалдың құшағына кірген тұста,
Қасқая қарап тұрып жанын берген!

Тұлғасын таныған жұрт Арпагердің,
Қимаған топырағын мекен жердің.
Аңыз ғып қариялар айтады екен,
«Ісіндей бір мысал» деп ерен ердің.

Адамдар ой бөлісіп сол бір кезгі,
Жауынан жапа шегіп көрген езгі.
Жануар ескертіпті десті былай,
«Жауыңа тізе бүкпе» деген сөзді.

Ұрпаққа ұрпақ жалғап айтып келген,
«Нақтылы болған іс» деп көзбен көрген.
Бұл жерге ел топтасып қала салып,
Мұрасын жинастырса, жиған терген.
Мүсіні қас тұлпардың бейнеленіп,
Қалаға «Арпагер» деп атау берген!

Жүргенде атамекен жерден шалғай,
Сол мүсін мен қарайтын көзімді алмай.
Бұл күнде бой көтерген сәнді қала,
Аймақтың орталығы – Өвөрхангай!

2008 жыл
Көкөзек